

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАСҚАРУ ФАКУЛЬТЕТІ  
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.10.2025ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: э.ғ.к. А.Сапарова, PhD А.Құралбаев, М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, Л.Тайжанов, аға оқытушылар Г.Султанханова, А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан қ. «Баянды Құрылыс» ЖШС-і бас бухгалтері Р.Абдуллаев, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БҚКО-ның басшысы А.Мендібаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; «GOLDEN GROUP» ЖШС директоры С.Пірімбетов, «Жолаушы» ЖШС директоры Р.Еркінов, «Walker group» ЖШС директоры Е.Рустемов, 6B04141- ББ білімгері Айдын Саттар, 6B04140- ББ білімгері Л.Анарбай, 6B04142- ББ білімгері Бірғаным Бақытжанқызы, 6B04143-ББ білімгері Жулаева Диана, 7M04141 - ББ білімгері Әбдмева Рано, 8D04106- ББ білімгері Л.Нұсқабаева.

Күн тәртібі;

- 1.2025-2026 оқу жылына АҚ жұмысының жоспары мен құрамын талқылап бекіту
- 2.ББ даму жоспары(2024-2029жж.) шеңберінде атқарылып жатқан іс шаралар туралы
- 3.ББ постмониторинг есептерін дайындап өткізу
4. ҚР Атамекен ҰКП жүйесіне 2024-2025 оқу жылы бойынша қосымшаларды дайындап толтыру

**Тыңдалды:**

*Бірінші мәселе бойынша* АҚ төрайымы сөз алып, ұйымдастыру мәселелеріне қатысты 6B041-Бизнес және басқару бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылына АҚ құрамына өзгерістер енгізу және АҚ жұмысының жоспарын бекітуге ұсынды. АҚ құрамына өзгерістер енгізудің себептері, 1) 2025-2026 оқу жылының басында 6B04143-Есеп және аудит ББ –ы бойынша аға оқытушы А.Қалымбетованың басқа ЖОО-ға ауысып кетуі, оның орнына декреттік демалыстан келген Г.Султанханованың болуы, 2) жұмыс берушілердің ауысып кетуі, 3) ББ-лар бойынша университетті бітірген түлектердің болуы сол себепті олардың орнына кафедра тарапынан берілген ұсыныстар негізінде білімгерлердің қосылуы т.б.

Сонымен қатар, АҚ төрайысы жаңадан қосылған АҚ мүшелеріне Академиялық комитет Ережесі (УЕ –ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережелері (УЕ-ХҚТУ-030-2021) мен таныстырды

**Шешім:**

«Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша АҚ жұмысын ұйымдастыру, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын және АҚ құрамын бекітуге ұсынылсын.

*Екінші мәселе бойынша* АҚ төрайымы М.Оспанкулова сөз алды.

Білім беру бағдарламасының 2024–2029 жылдарға арналған даму жоспары аясында бірқатар жүйелі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, білім беру бағдарламасының мазмұнын еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкестендіру

мақсатында жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде оқу жоспарлары мен пән силлабустары жаңартылуда.

Сонымен қатар, студенттердің практикалық дағдыларын арттыруға бағытталған дуальды оқыту элементтері енгізіліп, өндірістік тәжірибе базаларымен ынтымақтастық жоспарлануда ( 6B04143-Есеп және аудит, 6B04140-Менеджмент), Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, академиялық ұтқырлықты дамыту және білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу бойынша да нақты жұмыстар атқарылуда.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында ішкі сапаны бағалау тетіктері жетілдіріліп, білім алушылар мен түлектердің кері байланысы тұрақты түрде талданып отыр. Алдағы кезеңде жоспарланған іс-шараларды толық әрі сапалы іске асыру білім беру бағдарламасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және түлектердің еңбек нарығындағы сұранысын күшейтуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

АК төрайымы М.Оспанкулова ББ-ды дамытудың Стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде әзірленген жол картасын ұсынды

### **ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ ( KPI-ны ЕСЕПКЕ АЛҒАНДА) (2024–2029 жж.)**

| <b>Стратегиялық мақсат</b> | <b>Негізгі іс шаралар</b>                   | <b>Мерзімі</b> | <b>Жауапты тұлға</b>     | <b>KPI</b>                                            |
|----------------------------|---------------------------------------------|----------------|--------------------------|-------------------------------------------------------|
| ББ сапасы                  | Жұмыс берушілердің қатысуымен ББ-ды жаңарту | Жыл сайын      | Кафедра меңгерушісі, ОПҚ | ≥1<br>ББ-ны 2 жылда жаңарту                           |
| Ғылым                      | Рейтингтік журналдардағы жарияланымдар      | Жыл сайын      | ОПҚ                      | ≥1 5 жылда бір оқытушыға шаққанда Scopus/WoS 1 мақала |
|                            | Гранттық жобаларға қатысу                   | 2024-2029 жж.  | ОПҚ                      | ≥1 гранттық жоба                                      |
| Кадрлар                    | ОПҚ біліктілік арттыру                      | Жыл сайын      | Кафедра меңгерушісі      | 100% ОПҚ 3 жылда бір рет                              |
|                            | Практик мамандарды тарту                    | Жыл сайын      | Кафедра                  | ≥3 жылына 3 практик                                   |
| Интернационалдандыру       | Академиялық ұтқырлық                        | 2025-2029 жж.  | Кафедра                  | студент/ОПҚ жылына ≥2                                 |
|                            | Ағылшын / түрік тілдерінде курстарға қатысу | 2025-2027      | ОПҚ                      | пәндедің ≥20%                                         |
| Сапа                       | Қанағаттану мониторингі                     | Жыл сайын      | Кафедра                  | қанағаттанудың ≥80%                                   |
|                            | Цифрландыру                                 | 2024-2026      | Кафедра                  | Оқытуды басқару жүйесіндегі пәндердің 100%            |

### **Шешім:**

1. Бизнес және даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының 2024–2029 жылдарға арналған даму жоспары шеңберінде атқарылып жатқан іс-шаралар туралы Академиялық комитет төрағасының ақпараты **назарға алынсын.**

2. Білім беру бағдарламасын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру мақсатында оқу жоспарлары мен пәндердің мазмұнын жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде **жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.**

3. Білім алушылардың практикалық даярлығын арттыру үшін дуальды оқыту элементтерін кеңейту және өндірістік тәжірибе базаларымен өзара ынтымақтастықты **нығайту тапсырылсын.**

4. Білім беру сапасын арттыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, академиялық ұтқырлықты дамыту және цифрлық білім беру технологияларын енгізу бойынша іс-шаралар **жоспарға сәйкес жүзеге асырылсын.**

5. Аталған бағыттар бойынша атқарылған жұмыстардың орындалу барысы **Академиялық комитеттің келесі отырысында қаралатын болсын.**

### **Үшінші мәселе бойынша АК төрайымы М.Оспанкулова сөз алды.**

Академиялық комитет төрағасы «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша 6B04142-Экономика, 6B04143-Есеп және аудит, 6B04144-Қаржы, 7M04120-есеп және аудит білім беру бағдарламасының постмониторинг есебін дайындау және уақтылы тапсыру қажеттілігі туралы айтып кетті. Баяндамада Қ.А. Ясауи атындағы университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және білім беру сапасын қамтамасыз ету талаптарына сәйкес постмониторинг есебі білім беру бағдарламасының іске асырылу нәтижелерін, жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін, сондай-ақ бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстарды қамтитыны атап өтілді.

Академиялық комитет мүшелері А.Сапарова, Г.Султанханова Л.Тайжанов, олар білім беру бағдарламасын жүйелі түрде мониторингтен өткізудің маңыздылығын, пәндер мазмұнын өзектендіруді, білім алушылар мен жұмыс берушілердің пікірлерін, эксперттік комиссия мүшелері тарапынан берген ұсыныстарын ескеруді, сондай-ақ есептік құжаттаманы, яғни есебі мен дәлелдік қосымшаларын белгіленген мерзімде (29.09.2025ж) дайындау қажеттігін атап өтті.

### **Шешім:**

1. «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының постмониторинг есебін дайындау туралы ақпарат **назарға алынсын.**

2. Постмониторинг есебін дайындау және қажетті материалдарды жинақтау үшін білім беру бағдарламасының жетекшісі мен жұмыс тобының мүшелері жауапты болып белгіленсін.

3. Постмониторинг есебі белгіленген мерзімде дайындалып, университеттің уәкілетті құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылсын.

4. Постмониторинг нәтижелерін білім беру бағдарламасын одан әрі жетілдіру мақсатында пайдалану ұсынылсын.

*Төртінші мәселе бойынша* АК төрайымы сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жүйесіне былтырғы 2024–2025 оқу жылына арналған қосымшаларды дайындау және толтыру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті. Қосымшаларды уақтылы және талаптарға сәйкес әзірлеу білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға және жұмыс берушілердің талаптарымен сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Осыған байланысты Экономика, қаржы және есеп, Менеджмент және туризм кафедраларының меңгерушілеріне ҚР Атамекен ҰКП жүйесіне енгізілетін барлық қажетті қосымшаларды белгіленген мерзімде дайындап, толық әрі сапалы толтыру тапсырылды.

**Шешім:**

1. Бизнес және басқару даярлау бағыты бойынша 2024–2025 оқу жылына арналған қосымшаларды ҚР «Атамекен» ҰКП жүйесіне енгізу үшін дайындау және толтыру қамтамасыз етілсін.

2. Аталған жұмыстардың уақтылы және сапалы орындалуына жауапты тұлғалар белгіленсін. (кафедра меңгерушілері)

3. Қосымшаларды ҚР «Атамекен» ҰКП жүйесіне белгіленген мерзімде жүктеу бақылауға алынсын.

АК төрағасы .



М.Оспанкулова